

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 ақпан N 293. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.11. N 41 қаулысымен. ~ P020041

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 P970170_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 6,46-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметкерлердің қолданылып жүрген заңдарда көзделген қосымша ақылар мен үстеме ақыларды қоса алғандағы бұрынғы алып жүрген жалақысынан төмен болған жағдайда, сол лауазымда істеп жүрген жұмысын жалғастырғанда ұйым осы қызметкерлерге еңбекақы қоры шегінде айырмасын төлеуді жүзеге асырады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.